



Бекітемін»  
«Дарын» РҒПО директоры  
Ғ. Тұрсынов  
2023 ж.

## Мұғалімдерге арналған пәндер бойынша республикалық «ПедСтарт» қашықтық олимпиадасының Ережесі

### 1. Жалпы ереже

1. Білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған «ПедСтарт» республикалық қашықтық олимпиадасын (бұдан әрі - Олимпиада) өткізу туралы Ереже Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу тәртібін, оның ұйымдастыру және әдістемелік қолдауын, жеңімпаздарын, Олимпиадаға қатысу тәртібін анықтайды.

### 2. Олимпиаданың мақсаты мен міндеттері.

2. Мақсаты: педагогикалық қызметкерлердің ақпараттық мәдениетін, олардың кәсіби деңгейін және педагогикалық дағдыларын қалыптастырып, компьютерлік ақпараттық технологиялар қажеттілігін арттыру.

#### 3. Міндеттер:

- оқу процесіндегі пәндердің рөлін арттыру;
- білімді, білікті, дағдыны, түйсікті қалыптастыру үшін өзіндік білім алу қабілетін дамыту;
- оқытудан өзін-өзі оқытуға көшуді жеделдету;
- олимпиаданың қатысушыларын зияткерлік және шығармашылық дамыту үшін жағдай жасау;
- педагог қызметкерлердің ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға, олардың кәсіби деңгейін және педагогикалық дағдыларын арттыруға үлес қосу;
- компьютерлік ақпараттық технологияларды енгізу қажеттілігін арттыру;
- дәстүрлі және компьютерлік оқыту әдістерін біріктіру арқылы оқу үдерісінің тиімділігін арттыруға ықпал ету.

### 3. Олимпиаданың қатысушылары

4. Олимпиадаға білім беру ұйымдарының барлық түрлері мен типтерінің мұғалімдері қатыса алады.

5. Олимпиадаға қатысушылардың саны шектеусіз.

#### 4. Олимпиаданың өту уақыты

6. Олимпиадаға [www.daryn.kz](http://www.daryn.kz) сайтында өтеді

7. Мұғалімдерге арналған олимпиадалар ай сайын әр түрлі пәндерден ([www.daryn.kz](http://www.daryn.kz) сайтында көрсетілген кестеге сәйкес) үш күн бойы бірыңғай кесте бойынша бір турмен өткізіледі.

8. Қатысушылар саны көп болған жағдайда олимпиаданың өту мерзімі ұзартылу мүмкін.

#### 5. Олимпиаданың өту тәртібі

9. Олимпиадаға қатысу үшін:

1) Windows 8.1, 10, 11 немесе macOS 14, 13, 12, 11, 10.15, 10.14, 10.13 ЖК керек.

2) <https://pedstart.daryn.kz> сайтына кіру. Нұсқаулықты орындай отырып, Safe Exam Browser орнату және конфигурация файлы жүктеңіз.

3) Олимпиада Порталын ашыу, ол үшін конфигурация файлы екі рет басу керек.

4) Олимпиада порталында тіркеуден өту қажет. Қатысушы жеке өзінің электрондық почтасы мен ЖСН арқылы тіркелу маңызды.

5) Тіркеу аяқталған соң порталдағы аккаунтқа кіру керек.

6) Қатысушы өзінің жеке деректерін дұрыс енгізгендігіне көз жеткізуі тиіс. Тіркеу кезінде қателік болған жағдайда, олимпиадаға қатысу және төлем жасар алдында аккаунттағы жеке деректерді «Деректерді өзгерту» (Derekterdi ozgertu) батырмасына басу арқылы түзетуге болады.

7) Өз аккаунтыңызға кіріп, бастау түймешігін басыңыз.

8) Белгіленген уақытта қатысушы олимпиадаға қатысатын ресурсқа кіріп, порталға ақпаратты енгізеді, Олимпиада шарттары мен мерзімдерімен танысады.

9) Тестілеу «Тестілеуді бастау» түймешігін басқанда басталады. «Тексеруді аяқтау» түймешігін басқанға дейін қатысушы тапсырмалардың жауаптарды өзгерте алады. Барлық сұрақтарға жауап бергеннен кейін «Тестті аяқтау» түймешігі пайда болады. Тестті аяқтап, нәтижелерді сақтау үшін оны басу керек. Ең бастысы! Тест бетін «Тестті аяқтау» түймешігін баспай жауып қойсаңыз, барлық жауаптарыңыз сақталмауы мүмкін.

10) Олимпиада тапсырмаларын орындау үшін **60 астрономиялық минут** беріледі.

11) Тестілеуден кейін қатысушы тест хаттамасына қол жеткізе алады, онда жинаған ұпайлар түрінде олимпиада нәтижесі көрсетіледі.

#### 6. Олимпиаданың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтау тәртібі

10. Әр қатысушы 60 минут көлемінде 25 тапсырмадан тұратын 1 нұсқаны (бірнеше нұсқаның ішінен) орындауы тиіс:

11. Олимпиадаға қатысу үшін алынатын баллдардың максималды саны **25 ұпайды** құрайды (яғни әр дұрыс шешкен тапсырмаға 1 ұпай).

12. Олимпиада жеңімпаздары:

Максималды 25 балл, бірақ 23 баллдан кем емес ұпай жинаған қатысушылар Олимпиада жеңімпаздары болып саналады (25-23 балл, I дәрежелі дипломдар);

13. Олимпиада жүлдегерлері:

1) 22 балл, бірақ 20 баллдан кем емес ұпай жинаған қатысушылар (22-20 балл, II дәрежелі дипломдар);

2) 19 балл, бірақ 16 баллдан кем емес ұпай жинаған қатысушылар (19-16 балл, III дәрежелі дипломдар).

14. Олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлері I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады.

15. Барлық Олимпиада қатысушыларына сертификаттар тапсырылады.

16. Олимпиада қорытындысы бойынша апелляция қарастырылмаған.

7. Олимпиаданы ұйымдастыру комитеті мен сараптау комиссиясы

17. Республикалық ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі - Ұйымдастыру комитеті) Олимпиаданы дайындау және өткізуді жүзеге асырады.

18. Ұйымдастыру комитеті келесі функцияларды орындайды:

- Олимпиаданың міндеттерін зерттеу критерийлерін әзірлейді;
- Олимпиада қатысушыларына тапсырмалар әзірлейді;
- ай сайын Олимпиаданың қай оқу пәндерінен өтетіндігін анықтап, белгілейді;

- мерзімін, уақытын анықтайды;

- қорытындысын шығарады;

- Олимпиаданы өткізу тәртібін, орны мен күнін анықтайды;

19. Олимпиаданың нәтижелерін анықтау үшін сараптама комиссиясы құрылады. Олимпиаданың сараптама комиссиясының құрамын Ұйымдастыру комитеті құрайды.

20. Сараптама комиссиясының құрамына республиканың алдыңғы қатарлы педагогикалық жоғары оқу орындарының ғалымдары, өткен жылдардағы әр түрлі деңгейдегі біліктілік конкурстарының жеңімпаздары кіре алады.

21. Конкурса қатысты барлық даулы мәселелер осы Ереженің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының негізінде реттеледі.